



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
 ӨЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ
 БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИОТЕХНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
 БИОАУАНТҮРЛІК ЖӘНЕ БИОРЕСУРСАР КАФЕДРАСЫ
 МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
 ФАКУЛЬТЕТ БИОЛОГИИ И БИОТЕХНОЛОГИИ
 КАФЕДРА БИОРАЗНООБРАЗИЯ И БИОРЕСУРСОВ



Ғалым - цитолог, гистолог, биология ғылымдарының докторы,
 профессор Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының Құрметті
 мүшесі, Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану Ғылымдарының
 Академиясының және Ресей Жаратылыстану Академиясының
 академигі Сапаров Қуаныш Абеновичтің 75 жылдығына
 арналған

**«ЗАМАНАУИ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН
 РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БИОАУАНТҮРЛІКТІ
 САҚТАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»** атты
 Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
 24 қараша, 2017 ж.

МАТЕРИАЛЫ
 Республиканской научно-методической конференции
**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ
 БИОЛОГИИ И СОХРАНЕНИЯ БИОРЕСУРСОВ
 РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**,
 посвященной 75-летию ученого-цитолога, доктора
 биологических наук, профессора, Почетного члена
 Национальной Академии Наук Республики Казахстан,
 академика Казахской национальной академии естественных
 наук и Российской академии естественных наук
 Сапарова Куаныша Абеновича
 24 ноября 2017 г.

Алматы 2017

Организованный комитет:
 Б.К. Зысеп - д.б.н., декан факультета биологии и биотехнологии, А.К.
 Басенбай - директор института НИИ проблем биологии и биотехнологии,
 А.А. Сақова - д.ғ.н., директор института НИИ проблем экологии, М.С.
 Курманбаева - д.б.н., заведующая кафедрой биоразнообразия и биоресурсов
 КазНУ им. аль-Фараби, Т.М. Шахамбетова - д.б.н., профессор, С.Т. Нуржан -
 д.б.н., профессор, Э.Б. Егембергалиев - к.б.н., д.и. профессор, И.М. Жариев -
 к.б.н., н.о. доцента Б.А. Абулгази - н.о. доцента кафедры биоразнообразия и
 биоресурсов КазНУ им. аль-Фараби, С.А. Мансубаева - к.б.н., старший
 преподаватель, Р. Салмурзаев - ассистент профессора, ИС НИИ проблем
 экологии, А.М. Байбағалов - ассистент профессора, МНС НИИ проблем
 экологии, Н.К. Қарбозова - специалист, А. Айсабаева - специалист,
 Д.Г. Фатеев п.б.н., СИС НИИ проблем экологии.

Материалы Республиканской научно-методической конференции
 «Актуальные проблемы современной биологии и сохранения
 биоресурсов Республики Казахстан», посвященной 75-летию ученого-
 цитолога, доктора биологических наук, профессора, Почетного члена
 Национальной Академии Наук Республики Казахстан, академика
 Казахской национальной академии естественных наук и
 Российской академии естественных наук Сапарова Куаныша Абеновича,
 - Алматы: Казак ушаронеті, 2017. - 240 с.
ISBN 978-601-04-2992-5

Материалы Республиканской научно-методической конференции
 «Актуальные проблемы современной биологии и сохранения
 биоресурсов Республики Казахстан», посвященной 75-летию ученого-
 цитолога, доктора биологических наук, профессора, Почетного члена
 Национальной Академии Наук Республики Казахстан, академика
 Казахской национальной академии естественных наук и
 Российской академии естественных наук Сапарова Куаныша Абеновича.
 Сборник материалов научной конференции посвящен актуальным
 проблемам современной биологии и различным аспектам сохранения и
 рационального использования биоресурсов Казахстана.

ISBN 978-601-04-2992-5 © КазНУ имени аль-Фараби, 2017

Қорыта келе айтар болсақ, зиянсіз бунақалелермен күресуде табиғи экологиялық ортаға аз әсер ететін күрес шаралары, соның ішінде биологиялық күрес шараларын дамыту керектігі бүгінгі күнің өзекті мәселелерінің бірі.

- Қолданылған әдебиеттер:
- 1 Митбова Б. «Ауыл шаруашылығы джентльмендерімен зиянсіздермен биологиялық күрес тәсілдері» Алматы 1983 ж. Қайтар.
 - 2 Писменнов О.Т., Жармақсұмова Г.Ә. Экология, Алматы, «Қайтар», 1994.
 - 3 Знания растений от вредителей. Под ред. Исаченко В. И. 2003.

**ТҰРҒЫНДАР ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
ФАКТОРЛАРДЫҢ ҚАУІП КАТЕРІН БАҒАЛАУ
ӘДІСТЕМЕСІ**
А.ДІЛОВА М.Т.
tamshuk76@mail.ru

Қазіргі ғылыми техникалық үдерістің дамыған заманында қоғамның қауіпсіздігі мен тұрақты даму аумағында белен алып отырған бағыттарының бірі тұрғындар денсаулығына әсер ететін қауіпті факторларды анықтап ғана қоймай оның әсер ету деңгейін төмендету және жою бойынша бірқатар кешенді шараларды тағайындау да өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қоршаған ортаның сапасын басқару жүйесі нақтылы бір аумақта немесе ауданда экологиялық жағдайларды жақсартуға бағытталған шаралар кешені тұрғындар денсаулығының қауіпсіздігіне толығымен кепілдік бере алмайды. Табиғатты қолдануда барлық уақытта қауіп-қатер бар. Сондықтан табиғи қорды қолданудың өзіндік өнімділігін шынайы сақтау кезінде табиғатты дамытудың заңдарын дұрыс қолдана білуге негізделген жағдайда ғана биосфераға антропогендік әсерлердің қауіп-қатері азаяр еді. Өкінішке орай адамзат шекті экологиялық қауіп қатердің шекарасынан бұрыннан өтіп кеткендігі, бүгінде тұрғындар денсаулығының жағдайында көптеген бұзылыстардан пайда болуымен көрініп отыр.

Тұрғындар денсаулығына әсер ететін қоршаған ортаның экологиялық қауіп-қатер факторлары шамамен 20% құрайды. Ортаның антропогендік ластану сипаты бар, аймақтық табиғи-

климаттық, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық ерекшеліктерімен байланысты эконатогенді әсерлердің ролін анықтауды сөзсіз талап етеді.

Өпемдік тәжірибеде соңғы он жылдықта қоршаған орта факторларының әсерінен адам денсаулығына қауіп-қатерді бағалау әдістемесі жана болып табылады және ол әлем бойынша қарқынды қолданылууда, осыған байланысты қоршаған орта мен тұрғындар денсаулығын қорғау бойынша көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Тұрғындар денсаулығын әсер ететін экологиялық факторлардың қауіп-қатерін бағалау әдістемесі -бұл тіршілік ортасының факторларының әсерімен қамтамасыздалған адам денсаулығы мен оның болашақ ұрпағының денсаулығына қолайсыз салдардың айқындылық дәрежесін дамыту мүмкіндігін орнату үрдісі болып табылады. Қауіп-қатер концепциясы екі элементтен тұрады: қауіп-қатерді бағалау және қауіп-қатерді басқару. Қауіп-қатерді бағалау бұл нақтылы жағдайда оның себептері мен аумағын талдау, қауіп қатерді азайтуға бағытталған басқару жағдай мен шешімдерді талдау болып табылады.

Тұрғындар денсаулығына қауіп-қатерді бағалау жүйесі тіршілік ортасы және денсаулық қарым қатынастарын реттейтін гигиеналық әдістемелік амалдарды қосымша қарастырады. Бұл кезде қауіп-қатерді бағалау нәтижелері жалпы басқару мен әкімшілік шешімдерді қабылдау жүйесіне енеді, себебі оның өзіндік сипаты бар. Қауіп-қатерді бағалау қоршаған ортаның сапасын тұрғындардың денсаулығына өте жоғары деңгейде басқаруға мүмкіндік береді деп те айтуға болады.